

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап арттыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 9 желтоқсандағы № 910 қаулысы.

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 8-1-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбек ету қабілетінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайларына тағайындалған әлеуметтік төлемдердің мөлшерін 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап алатын әлеуметтік төлемдердің мөлшерінен бес процентке арттыру жүргізілсін.

2. Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин